

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ**

**Ғылыми кітапхана  
Научная библиотека**

**«Әдебиет әлемі»**

*Кітапханашыларға арналған әдістемелік-библиографиялық құралы*



**Алматы - 2012 жыл**

*«Кітап-жан айнасы. Оған қарап бойыңдыда, ойыңдыда түзеуге болады. Айналадағы адамдарға мейіріммен қарауға үйренесің. Кітап сенің ақылгөй, адал досың, өмірлік есті жолдасың»....*

### **Құрметті кітапханашылар!**

Сіздердің назарларыңызға «Әдебиет әлемі» атты кітапханашыларға арналған әдістемелік-библиографиялық құралын ұсынып отырмыз.

Құралда: «Әдебиет ұлттың айнасы» кітап көрмесі, «Біз Абайды білеміз бе?» Абайдың шығармашылығы мен өмір жолына арналған викторина, «Жырлайды жүрек» Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби кеш, «Мың бір мақал» ойыны секілді жұмыс түрлерінің сценарийлерімен «Кітапханашының оқырмандардың көркем әдебиетті оқуына басшылық жасауы» тақырыбында әдістемелік ұсынысы беріліп отыр.

Бұл әдістемелік құралдың мақсаты әдебиетіміздің бай мұрасын оқырмандарға насихаттай отырып, елімізде білімді, рухани жан дүниесі бай ұрпақ тәрбиелеу ісіне ат салысу.

Әдістемелік құралы біздің кітапхананың «Электронды каталогының» қазақ және орыс тілдеріндегі кітап қорының «деректер базасы» негізінде жасалды.

Осы әдістемелік құрал бойынша ескертулеріңізбен тілектеріңізді төмендегі мекен-жайға бағыттауларыңызға болады:

**Кітапханашының оқырмандардың  
көркем әдебиетті оқуына басшылық жасауы  
әдістемелік ұсыныс**

*Алматы қаласы, Абай даңғылы 8 үй, ҚАЗҰАУ.*

*Ғылыми кітапхана,*

*Ғылыми-библиография бөлімі.*

ББК 91.9:4

Қ 17

**Жауапты редактор:**

**Ответственный редактор:** Мухамеджанова Ч.К.

**Құрастырушылар:**

Акшалова А.Б., Мұқатаева А.Д.

**Составители**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті кітапханасының ғылыми-библиография бөлімі құрастырған «Әдебиет әлемі» атты кітапханашыларға арналған әдістемелік-библиографиялық құралы.- Алматы: Агроуниверситет, 2012.-31 бет.

## **«Әдебиет ұлттың айнасы» кітап көрмесі**

**Кітап - сәуле, нұр берер шырағыңыз,  
Сарқылмайтын білім мен бұлағыңыз.**



### **Дәйектеме сөздер:**

«.....Кітап адамзатқа білім, ілім береді. Кітапта адамзат жаратылысының тылсым сырлары жазылған.Кітап—ең сабырлы ұстаз.Ізденуші адамға кітаптан қымбат еш нәрсе жоқ».

**Нұрсұлтан Назарбаев**

«Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы.Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру».

**Қажым Жұмалиев**  
**әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы**

«Кітап оқымаған адам - тамырсыз қаңбақ. Өркениетті мемлекет болу үшін жеке пенделерді ғана байытып отырған материалдық байлық емес, ол мемлект адамдарының рухани байлығы керек. Кітап сол рухани байлықтың негізгі бөлімі».

**Фариза Оңғарсынова**

## **1 бөлім: «Қазақ әдебиеті – ұлттың рухани қазынасы»**

**Көркем әдебиет деген ең әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдірет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ.**

**Ғабит Мүсірепов.**

**Абай. Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ [Мәтін]:** өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер / Абай.- Алматы: Білім, 2010.- 304 б.

**Абай. Хикмет кітабы [Мәтін] = Книга мудрости = Book of wisdom / Абай.- Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2011.- 568 б.**

**Абдрахманов, С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды [Мәтін].** Т.2. Қазақ поэзиясының антологиясы: 2-томдық / С. Абдрахманов.- Алматы: Раритет, 2007.- 520 б.- (Алтын қор).

**Ақбай, Н.Е. Абай жолы энциклопедиясы [Мәтін]:** Энциклопедия / Н.Е. Ақбай.- Алматы: Арда, 2008.- 504 б.

**Ақышев, З. Жаяу Мұса [Мәтін]:** роман / З. Ақышев.- Алматы: Жібек жолы, 2011.- 456 б.

**Алматым жүрегімде [Мәтін]:** Алматы қаласы туралы поэзиялық және музыкалық шығармалар.-Алматы: Өлке, 2008.- 480 б.

**Айбергенов, Т. Өлеңдер [Мәтін] / Т. Айбергенов.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 280 б.- (Алтын қалам).**

**Алтынсарин, Ы. Таза бұлақ [Мәтін] :** өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар / Ы. Алтынсарин.- Алматы: Раритет, 2008.-208 б.- (Балалар әдебиетінің алтын қоры).

**Аманжолов, Қ. Өзім туралы [Мәтін]:** өлеңдер мен поэмалар / Қ. Аманжолов.-Алматы:Ана тілі, 2011.-360 б.

**Ахтанов, Т. Боран [Мәтін]:** роман, хикаяттар / Т. Ахтанов.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 308 б.- (Алтын қалам).

**Әбішев, Ә. Найзағай [Мәтін]:** роман / Ә. Әбішев.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 360 б.- (Алтын қалам).

**Әуезов, М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы [Мәтін].** / Мұхтар Әуезов.- Алматы: Жібек жолы, 2010.

Т. 43-50.- Алматы: Жібек жолы, 2010.

**Бақтыгереева, А. Ақ шағала** [Мәтін]: өлеңдер / А. Бақтыгереева.- Алматы: Өлке, 2001.- 424 б.

**Бодаубай, Б. Тұлға** [Мәтін]: сыр- сұхбатқа құрылған ғұмырнама -лық роман / Б. Бодаубай.- Алматы: Қазығұрт, 2011.- 520 б.

**Бөкеев, О. Атау-кере. Мұзтау** [Мәтін]: хикаяттар / О. Бөкеев.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 320 б.- (Алтын қалам).

**Бөкей, О. Өз отынды өшірме** [Мәтін]: Роман / Оралхан Бөкей.- Алматы: Өнер, 2010.- 384 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Дулатов, М. Шығармалары** [Мәтін]: Әңгімелер, пьеса, көсемсөздер мен сын-зерттеулер мақалалары / Міржақып Дулатов.- Алматы: Ана тілі, 2010.- 400б.

**Елубай, С. Ақ боз үй** [Мәтін]: роман / С. Елубай.- Алматы: Жазушы, 2011.- 376 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Ерғалиев, Х. Өлеңдер мен поэмалар** [Мәтін] / Х. Ерғалиев.- Алматы: Ан Арыс, 2010.-292 б.- (Алтын қалам).

**Ерубаев, С. Менің құрдастарым. Боран** [Мәтін]: Роман / Саттар Ерубаев.- Алматы: Өнер,

**Есенберлин, І. Қаһар** [Мәтін]: роман / І. Есенберлин.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 360 б.- (Алтын қалам).

**Есенберлин, І. Скифтер сағымы** [Мәтін] / І. Есенберлин.- Алматы: Көшпенділер, 2002.- 342 б.

**Жүнісов, С. Ақан сері** [Мәтін]. 1 кітап: роман / С. Жүнісов.- Алматы: Жазушы, 2011.- 480 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Жүнісов, С. Ақан сері** [Мәтін]. 2 кітап: роман / С. Жүнісов.- Алматы: Жазушы, 2011.- 480 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Жүнісов, С. Жапандағы жалғыз үй** [Мәтін]: роман / С. Жүнісов.- Алматы: Ан Арыс, 2010.-336б.- (Алтын қалам).

**Кекілбайұлы, Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы** [Мәтін]. Роман.1 том: Үркер / Әбіш Кекілбайұлы.- Алматы: Жазушы, 2010.- 352 б.

**Қабдолов, З. Екі томдық таңдамалы шығармалары** [Мәтін]: Романдар / Зейнолла Қабдолов.- Алматы: Өнер, 2010.- 440 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Мақатаев, М. Жыр кітабы** [Мәтін] / М. Мақатаев; құраст. Б.Айдарова, Қ.Ботбай.- Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011.- 1032 б.

**Мақатаев, М. Шығармаларының толық жинағы** [Мәтін]. Т.3. өлеңдері мен поэмалары / М. Мақатаев; құраст. Л.Әзімжанқызы, О.Асқар.- 3-бас.- Алматы: Жалын, 2008.- 320 б.

**Мақатаев, М. Шығармаларының толық жинағы** [Мәтін]. Т.5. Аударма, хаттар, естеліктер / Мұқағали Мақатаев; /Құраст. - Қ Құрманғалиев.- 2 басылым.- Алматы: Жалын баспасы ЖШС, 2010.- 320 б.

**Мен қазақпын - мың өліп, мың тірілген** [Мәтін]: Жұбан Молдағалиев туралы естеліктер / құраст. Ә.Жұмабаев, С.Оспан.- Алматы: Білім, 2010.- 352 б.- (Әдеби мемуарлар).

**Момышұлы, Б. Ұшқан ұя. Курляндия майданы** [Мәтін]: романдар / Б. Момышұлы.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 320 б.- (Алтын қалам).

**Мүсіреп, Ғ. Рухынды түсірме, ұлым** [Мәтін] / Ғабит Мүсіреп.- Алматы: Азия Арна, 2010.- 240 б.

**Нәжімеденов, Ж. Өлеңдер мен поэмалар** [Мәтін] / Ж. Нәжімеденов.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 288 б.- (Алтын қалам).

**Нұршайықов, А. Ақиқат пен аңыз** [Мәтін]: роман-диалог / А. Нұршайықов.- Алматы: Атамұра, 2004.- 400 б.

**Нұршайықов, Ә. Әскери күнделік** [Мәтін]. Бірінші кітап / Ә Нұршайықов.- Алматы: Өнер, 2010.- 560 б.- (Жеңіс

**Нұршайықов, Ә. Мәңгілік махаббат жыры** [Мәтін] / Ә Нұршайықов.- Алматы: Санат, 2010.- 720 б.

**Сапарбай, И. Шығармалар жинағы** [Мәтін].Т.1.Түнгі әуендер/ И.Сапарбай .-Алматы:Қазығұрт,2011.-512 б.

**Соқпақбаев, Б. Өлгендер қайтып келмейді** [Мәтін]: роман / Б. Соқпақбаев.- Алматы: Ан Арыс, 2010.- 368 б.- (Алтын қалам. Қазақтың 100 романы).

**Сүлейменов, О. Атамзаманғы түркілер** [Мәтін]: Тарихқа дейінгі түркілер. Ежелгі түркі тілдері мен жазуының пайда болуы хақында / О. Сүлейменов; ауд. М.Қазыбек.- Алматы: Олжас кітапханасы, 2011.- 352 б.

**Тарази, Ә. Тасжарған** [Мәтін]: роман / Ә. Тарази.- Алматы: Жазушы, 2011.- 496 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Шаймерденов, С. Инеш. Қызылжар** [Мәтін] / Сафуан Шаймерденов, Мәжит Дәулетбаев.- Роман.- Алматы: Өнер, 2010.- 480 б.- (Қазақтың 100 романы).

**Шаханов, М. Дара талғам қасіреті** [Мәтін]: өлеңдер мен поэмалар / М. Шаханов.- Алматы: Раритет, 2007.- 264 б.- (Жыр жауһары).

## 2 бөлім: « Мәдени мұра» бағдарламасының басылымдары

*«Кітап – адамзат мәдениетінің ең ұлы туындыларының бірі, сондықтан да кейбіреулерге тосын көрінгенімен кез - келген елдің мәдениетінің ең бастысы - кітапхана.*

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін] 20 томдық. 1-том. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер: 20 томдық / құраст. Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан [т.б].- Алматы: Таймас, 2007.- 504 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін] 20 томдық. Т. 2. Әбілғазы. Түрік шежіресі: 20 томдық / құраст. Б.Әбілқасымұлы.- Алматы: Таймас, 2011.- 496 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін] 20- томдық. 3-том. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі: 20 томдық / бас ред. алқасы С.Қасқабасов, С.Қорабай, С.Егеубаева [т.б.];жауапты. ред. С.Қорабай.- Алматы: Таймас, 2007.- 532 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін] 20-томдық. 4-том. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі: 20томдық / бас ред. алқасы С.Қасқабасов, С.Қорабай, С.Егеубаева [т.б.];жауапты. ред. С.Қорабай.- Алматы: Таймас, 2007.- 252 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін].20- томдық. 5-том. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік: 20 томдық / бас ред. алқасы С.Қасқабасов, С.Қорабай, С.Егеубаева [т.б.]; жауапты. ред. С.Қорабай.- Алматы: Таймас, 2007.- 536 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін]. 20 томдық. Т. 9. Сәйф Сарайи Гүлстан би - т - түрки / құраст: Ә. Керімұлы.- Алматы: Таймас баспа үйі, 2010.- 480 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін]. 20 томдық. Т.10. Махмұт әл-Кердери. Жұмақтардың ашық жолы / құраст: Т Қыдыр.- Алматы: Таймас баспа үйі, 2010.- 480 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін].20 томдық. Т.11.Тәзкире - и Бұғра хан. Хорезми. Мұхаббат-наме.- Алматы: Таймас, 2010.- 488 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін].20томдық.Т.13.Мұхаммед Хайдар Дулати. Жаһаннаме /құраст. Ә.Дербісәлі.-Алматы: Таймас, 2011.- 480 б.- (Мәдени мұра).



**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін]. 20 томдық. Т.14. Захираддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама: 20 томдық / құраст. Б.Қожабеков, С.Қорабай.- Алматы: Таймас, 2011.- 480 б.- (Мәдени мұра).

**Әдеби жәдігерлер** [Мәтін]. 20 томдық. Т.15. Алтын Орда дәуіріндегі діни - дидактикалық шығармалар: 20 томдық / құраст.Т.Қыдыр.-Алматы: Таймас, 2011.- 480 б.- (Мәдени мұра).

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т. 9. Қ - Қ / құраст. Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова [т.б.].- Алматы: Арыс, 2008.- 744 б.- (Мәдени мұра).

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т.10 Қ - М / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаев, А. Удербасов [т.б.].- Алматы: Арыс, 2009.- 752 б.- (Мәдени мұра).

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т.11. М - О / құраст. Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек [т.б.].- Алматы: Арыс, 2009.- 752 б.- (Мәдени мұра).

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т.12. О - С.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010.- 752 б.- (Мәдени мұра).

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т.13.С - Т./ Құраст.А.Фазылжанова.-Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2010.-752 б.

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т.14. Т - Ұ.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.- 800 б.

**Қазақ әдеби тілінің сөздігі** [Мәтін]. 15 томдық. Т. 15. Ұ - Я.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.- 824 б.- (Мәдени мұра).

**Доспанбетов, Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы** [Мәтін]. Т. 1. повестер, әңгімелер / Ұ. Доспанбетов.- Алматы:Қазығұрт,2011.- 440б.- (Мәдени мұра).

**Доспанбетов, Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы** [Мәтін]. Т. 2. повестер, очерктер, мақалалар / Ұ. Доспанбетов. - Алматы: Қазығұрт, 2011.-536 б.- (Мәдени мұра).

**Доспанбетов, Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы** [Мәтін]. Т. 3. жылусыз от: роман, пьесалар / Ұ. Доспанбетов. - Алматы: Қазығұрт, 2011.-456 б.- (Мәдени мұра).

**Доспанбетов, Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы** [Мәтін]. Т. 4. 1 кітап. Шың мен шыңырау: роман / Ұ. Доспанбетов. - Алматы: Қазығұрт, 2011.-344 б.- (Мәдени мұра).

**Доспанбетов, Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы** [Мәтін]. Т. 5. 1 кітап. Шың мен шыңырау: роман / Ұзақбай Доспанбетов. - Алматы: Қазығұрт, 2011.-432 б.- (Мәдени мұра).

### **3 бөлім: « Бізге жеткен кітапхана маржандары»**

*(Кітапхананың сирек кітаптар коллекциясынан ұсынылды).*

**Библиография изданий Академии Наук Казахской ССР /**  
Под ред. Н.Б.Ахмедовой.-Алма-Ата: Изд.АН. КазССР,1960.-1106с.

**Биографический словарь деятелей естествознания и техники /** Ред. А.А.Зворыкин.-М. «Большая советская энциклопедия».

Т.2.М.-Я. -1959.- 467 с.

**Большая Энциклопедия.** Словарь общедоступных сведений по всем отраслям знаний / Под ред. С.Н. Южакова.- С.-Петербург: «Просвещенец»

Т.1. А-Арбрось .- 1904.-800 с.

Т.2.Арбуа де Жюбанвиль – Беллингегаузенъ -1903.-794 с.

Т.3. Беллинг – Бугульник .-1903 .-794 с.

**Большая советская энциклопедия /** Гл. ред. О.Ю.Шмидт.-М.: «Советская энциклопедия»

Т.16. Германия – Гимн .- 1929.-863 с.

Т.31. Камбоджа – Кауфмана Пик .-1937 .-807 с.

Т.61.Ч –Шахт .-1934 .-895 с.

**Вселенная и человечество /** Под ред. Ганса Крэмера.- С.-Петербург: «Просвещенец».- 446с.

Т.3. Исследование вселенной.-Исследование земной поверхности .- 446 с.

Т.4. Исследование земной поверхности . Исследование моря. Исследование фигуры, величины и плотности земли .-494 с.

Т.5.Зачатки техники. Исследование силы природы. Влияние культуры на здоровье человека. Заключение .-466 с.

**Декабристы. Поэзия. Драматургия. Проза. Публицистика. Литературная критика /**Сост.В.Орлов .- М.-Л.: «Художественная литература», 1951.- 688 с.

**История русской литературы /** Под ред. М.П.Алексеева, Б.И. Бурсова .-М.- Л. : Издательство Академии Наук СССР .

Т.8,Ч.2. Литература шестидесятих годов .-1956.-509 с.

**Краткая литературная энциклопедия /** Главный ред. А.А.Сурков.- М.: «Советская энциклопедия»

Т.5.Мурари – Припев .-1968.-976 с.

Т.7.«Советская Украина» - Флиаки.-1972.-1008 с.

**Крестьянская сельскохозяйственная энциклопедия** / Под ред. С.П.Фридолина.-М.-Л.: Гос. Издательство, 1925- 671с.

**Литературная энциклопедия** / Гл. ред. А.В.Луначарский .- М.: «Советская энциклопедия», 1935.- 832 с.

Т.9. Пнин – Роман .- 832 с.

**Литературное наследство** /Под ред. П.И.Лебедев– Полянский, И.С.Зильберштейн.

Т.51-52.Некрасов Н.А..Из неизданной переписки Некрасова.- 1949.- 671с.

**Малая советская энциклопедия** / Гл. ред. О. Ю.Шмидт.- М. «Советская энциклопедия»

Т.2. Болдуин – Гарнец .-1934 .- 864 с.

Т.4.Днепровская низменность – Ислам .-1936.-880 с.

Т.9. Революция – Срочные .-1941.-1056 с.

**Малая советская энциклопедия** / Главный ред. Н.Л.Мещеряков.-М. «Советская энциклопедия»

Т.3. Дрофы-Ковалик.- 1929.-928с.

Т.4. Ковальская – Массив.-1931.-956с.

Т.10.Швеция – ЯЯ.- 1931.-503с.

**Сибирская советская энциклопедия.**В 4-х томах.-М: Западно-Сибирское отделение ОГИЗ,1931.-1152 с.

**Сельскохозяйственная энциклопедия** / И.А.Бенедиктов, А.В.Гриценко, М.А.Ильин, и др. .-М. Государственное издательство сельскохозяйственной литературы.

Т.1.А- Е.- 1949.-619 с.

Т.4.П –С.-1955.-669 с.

**Толковый словарь живого великорусского языка Владимира Даля.**-С.-Петербург: Издание книгопродавца– типографа М.О.Вольфа .- 1882.-576с.

**Энциклопедический словарь русского библиографического института Гранат** / Под ред. Ю.С.Гамбарова, В.Я.Железнова, М.М.Ковалевского.-М.«Русский Библиографический Институт Гранат»

Т.29.Минеральные воды – Наугейм .-1936.- 672 с.

Т.45,Ч.2.Фугас– Христианский социализм .-1936.-788 с.

Т.45,Ч.3.Христианстад – Чети.-1936.- 832 с.

## **Электронды көшірмесі жасалған сирек басылымдар**

**Влияние колонизации на Киргизское хозяйство** [Электронный ресурс]: Издание переселенческого управления.- С-Петербург: В.Киршбаума, 1907.- 16с.: CD-ROM.

Режим доступа: Vliyanie-kolonizatsii-na-Kirgizskoe-khozyaistvo.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 512 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000

1. Управление колониями со стороны метрополий  
- - Аракарагайская волость - перепись хозяйств - экспедиция Щербины.

**Казахстан в изданиях Академии наук 1734-1935** [Электронный ресурс]: Труды Академии наук СССР Казахский филиал / сост. библиотекой Академии наук СССР под ред. акад. А.Н.Самойловича.-Вып.9.-Москва Ленинград:Издательство Академии наук СССР, 1936.- 76с.: 1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режим доступа: Fond-6-2012\Kazakhstan-v-izdaniyakh-akademiy-nauk-1735-1935.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 512 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000

1. Библиография. Указатели литературы. Каталоги

**Кулаков, П.Е. Плодоводство Казакстана** [Электронный ресурс]: брошюра / П.Е. Кулаков.- Алма-Ата-Москва: Казакстанское краевое издательство, 1934.- 186с.: 1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режим доступа: Uchebniki-prepodavateley-KazNAU\Kulakov-Plodovodstvo-Kazakhstana.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 512 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000

1. Плодоводство в целом  
- - характеристика районов садоводства - климат - агротехника, правила уборки и обработки фруктов.

**О вредителях животноводства в Казахстане** [Электронный ресурс]: труды.- Вып.2.- Москва: Издательство Академии наук СССР, 1937.- 361 с.: 1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режимдоступа:Uchebniki-prepodavateley-KazNAU\O-vrediteliyax-jivotnovodstva-v-Kazakhstane.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 256 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000; CD-ROM

1. Общее животноводство  
- - вредители животноводства и фауны Южного Казахстана.

**Описание некоторых переселенческих поселков Устькаменогорского и Зайсанского уездов Семипалатинской области...** [Электронный ресурс] / под.рук. и ред.А.Н.Тройницкого.- С-Петербург: Экономия, 1913.- 64 с.: 1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режим доступа: Uchebniki-prepodavateley-KazNAU\opisaniye-nekotoryx-pereselencheskix-poselkov-ustkamenogorsk-i-zaisan.pdf

1. Общие вопросы сельского хозяйства

- - почвы и растительность - поселки в долинах.

**Павлов, Н.В. Флора Центрального Казахстана** [Электронный ресурс] / Н.В. Павлов.- Ч.1.- Алма-Ата: Издание Народного Комиссариата Земледелия КАССР, 1928.- 191с.: 1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режим доступа: Fond-KazNAU\Pavlov-flora-tsentralnogo-Kazakhstana-ch1.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 512 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000

1. География растений. Фитогеография

- - папоротникообразные - голосемянные - однодольные.

**Петелина,А.М. Почвенный покров Казакстана** [Электронный ресурс] / А.М. Петелина, П.Д. Бондарев, А.В. Мухля.- Алма-Ата-Москва: Казакстанское краевое издательство, 1934.-94с.:1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режим доступа: Uchebniki-prepodavateley-KazNAU\pochvennyi-pokrov-Kazakhstana.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 256 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000; CD-ROM

1. Почвоведение. Почвенные исследования

- - почвы Киргизской складчатой страны - сероземные почвы.

**Шнитников, В.Н. Пресмыкающиеся Семиречья** [Электронный ресурс]: Труды общества Изучения Казахстана / В.Н. Шнитников.- Т.8, вып.3.- Кызыл-Орда: КазГИЗ, 1928.- 99с.: 1 электрон.опт.диск (CD-ROM).

Режим доступа: Trudy-Kaz-T8-V3.pdf.- Систем.требования: ПК Pentium 4 1800МГц; 512 Мб ОЗУ; MS Windows 98/XP/2000

1. Пресмыкающиеся в целом

- - виды пресмыкающихся - коллекция видов - карта обитания.

**«Жырлайды жүрек» атты ақиық ақын  
Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына  
арналған әдеби кеш**

**Кештің мақсаты:**

Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның  
өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін  
таныту. Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға  
деген с үйіспеншілік сезімдерін ояту.

**Көрнекілік құралдар:** ақын портреті, слайдтар, кітап көрмесі,  
ақын туралы жазылған пікірлер, техникалық құрал-жабдықтар,  
аудио аппаратура.

**Кіріспе сөз:**

**1-жүргізуші:** .....

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, жұртым, елеңдестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім,- деп ақынның өзі  
айтқандай, оның өлеңі өмірден өзі кетсе де, өшпей жалғасын тауып  
келеді. Мұқағали Мақатаевты атақ пен даңқ өлген соң өзі іздеп  
тапты. Тіршілігінде осы үшін жанын сала күрескендердің тағдыры  
керісінше шешіліп жатады. Өйткені биік таулардың алыстаған  
сайын зорая түсетіні сияқты, мықтылық та уақыт озған сайын  
тұлғалана бастайды. Хантәңірі нақ осылай. Ал Мұқағали ақын  
табиғатына айнымай тартып туған ақын.

**2-жүргізуші:** .....

Бүгін менің туған күнім,

Ой пәлі – ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірімнің жарытпай-ақ қойғаны-ай! – деп мұңданған  
ақынның өмірден өткеннен кейінгі туған күндері халық болып  
тойланатын болды. Бүгін де сіз бен біз боп ұлы ақынымыздың туған  
күніне жиналып отырмыз. Бірақ арамызда ақынның өзі емес,  
ақынның албырт жырлары мен жансыз суреттері ғана бар.

**1-жүргізуші:** .....

Мұқағали Мақатаев Алматы облысы, Райымбек ауданында, Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Мұқағалидің азан шақырып қойған толық аты – Мұхаметқали. «Пайғамбардың атын түгел айту балаға ауыр болады», - деп еркелетіп, қысқартып Мұқағали атап кеткен. Ақын 10 жасынан бастап өлең жаза бастайды. (Слайд көрсетіліт жатады)

**2-жүргізуші:** .....

Ақынның аз ғұмырында артына қалдырған жалынды жырлары, оқырманын тәнті еткен «Ақкулар ұйықтағанда», «Райымбек», «Моцарт» сияқты дастандары бар. Ақынның өлеңдеріне ән жазылып, қазіргі эстрадада қалықтаған ән жұртының жүрегін жаулап алған. Ендеше әнге кезек берейік.

Ақынның «Сенің көзің» .....басқа да әндерін орындауға болады (қабыл алыңыздар).

**1-жүргізуші:** .....

Поэзия, менімен егіз бе едің?!

Сен мені сезесің бе?

Неге іздедім?

Алабұртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таңдардан сені іздедім,-

деп жырлағандай, саф алтындай поэзиясын бір елдің мұрасындай етіп қалдыра білген ақынның өлеңдері өзі айтқандай талай болашақтарға көшеді.

Ендеше, сол бір мәңгілік көштің сырлы әуеніне, жадымызда жаңғырған жыр жолдарына құлақ салайық.

(Ортаға ақын өлеңдерін жатқа айтуға оқырмандар шығады)

**2-жүргізуші:** .....

Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын.

Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,

Есенинмін демедім ешкімге мен,

Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,

Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген..... деген ақын өлеңінің сырларын суреттеп, бояумен өрнектеген.

### **1-жүргізуші:**

Бар байлық, бар білім кітапта. Осындай байлықтың жинақтап оқырманға ұсынып отырған кітап иесі – кітапханашы. Кезекті сөз кітапханашыға беріледі.

**Кітапханашы:** Ақынның шығармалары бойынша ұйымдастырылған кітап көрмесіне жасалатын библиографиялық шолуды ақынның өз сөзімен бастасақ деймін:

*«Жақсы жазу үшін жақсы білім керек, мен көп оқып жан-жақтылы жетілгенім жөн, жақсы көретін жазушым Чехов: «бармағыңна бал тамған шебер болғың келсе бармақтайыңнан машықтан» деген екен. Менің тіл құдыретіне сүйсінуім анамның ақ сүтінен, әжемнің әлдіінен, халқымның ертегі, дастанынан дарыған, енді құдай берген бармақтай талантымды байытуым керек. Ол үшін жатпай тұрмай оқу керек, оқу керек!».*

**Мұқағали Мақатаев**

### **«Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты кітап көрмесі**

**Мақатаев, М.** Аққулар ұйықтағанда: Өлеңдер, толғау-дастандар.- Алматы: Жазушы, 1974-119 б.

**Мақатаев, М.** Аманат: Жыр жинағы / Құраст. : А.Алтай.- Алматы: Атамұра, 1999- 304б.

**Мақатаев, М.** Армысындар, достар! Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1966.- 94б.

**Мақатаев, М.** Бәсіре: Өлеңдер, толғаулар, дастандар.- Алматы: Жалын, 1981.-144б.

**Мақатаев, М.** Қарлығашым келдің бе?: Өлеңдер мен поэма.- Алматы: Жазушы, 1968.- 106 б.

**Мақатаев, М.** Қош махаббат: Прозалық шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1988-287б.

**Мақатаев, М.** Өлеңдер.-Алматы: Рауан, 1991.- 144б.

**Мақатаев, М.** Өмір - өзен: Өлеңдер мен толғаулар.-Алматы: Жазушы, 1979.- 359б.

**Мақатаев, М.** Өмір дастан: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар.- Алматы: Жазушы, 1975.- 88б.



**Мақатаев, М.** Шығармаларының төрт томдық жинағы / Құраст. Л.Әсімжанқызы, О.Асқар.- Алматы: Жалын, 2001

Т.1. Өлеңдер мен поэмалар.-488б.

Т.2. . Өлеңдер мен поэмалар.-320б.

Т.3. Өлеңдер. Поэмалар.- 432б.

Т.4. Әңгімелер.Повестер. Пьеса.Мақалалар.Аударма.Естелік. Лебіздер.- 2002.- 431б.

Т.5. Аударма, хаттар, естеліктер .- 2010.- 320 б.

## **2-жүргізуші:**

О, махаббат!

Сен әлі тірі ме едің!?

Көзімнен ғайып болған күнім едің,

Гүл едің

Елтіген түнім едің.

О, махаббат!

Сен әлі тірі ме едің?

Ақынның махаббат сезіміне жазылған әнін тамашалап көрейік.

(Өндері орындалады)

## **1-жүргізуші:**

Жақындық сеземін-

Жерден де, аспаннан,

Жылылық сезінем-

Мұздардан, тастардан.

Өмірім, сірә да,

Арыдан басталған,

Әріден басталып, мәңгіге тасталған.

Осы мен өлмейтін шығарман,

Сәл ғана мызғып ап, қайтадан тұрармын,- деген өлең жолдары бір көрегендікпен, сезімталдықпен жазылғандай. Мұқағали мұзбалақтың ортамызда әлі де тірі екеніне бүгінгі кеш, оқылған өлеңдері, оны сүйіп оқып, өз өмірінің бір бөлшегіндей көретін жыр сүйер елі куә.

## **Құрметті тыңдарман қауым!**

Қазіргі жас ұрпақтың бойын жақсылыққа, ізгілікке, өз ұлтын сүйе білуге баулысақ, сол арқылы мына күрмеуі көп қиын заманда бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына

деген махаббатын тек поэзияда ғана емес, өмірде де, күресте де үлкен азаматтықпен қорғай білген М. Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес.

**2-жүргізуші:** ..... Осымен ақын рухына арналған шығармашылық кешіміз аяқталды. Әрқашан жүректеріңізді ән әуелеп, жанадарыңызды жыр тербесін.

### **«Біз Абайды білеміз бе?»**

#### *Абай Құнанбаевтың шығармашылығы мен өмір жолына арналған викторина*

Абай әлемі тұңғыық. Абайдың өзі өлгенмен сөзі өлген жоқ. “Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған”, – деп кемеңгердің өзі айтқандай, Абай – артына өлмейтұғын сөз, өнеге, өсиет қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасаса беретін кемеңгер.

Абай ең алдымен ел болуды, қазақтың қатардан қалмауын аңсады. Иә, Абай арманы орындалды. Тәуелсіздік алдық. Ел қатарына қосылдық. Іргелі мемлекет құрудамыз. Әлем қауымдастығына мүше болдық. Дамыған елу елдің қатарына қосыламыз деген мақсатымыз да Абай арманымен ұштасып жатыр.

Абай бар болғаны 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз, 1 мақала жазған кісі екен. (Мақала деп шартты түрде айтып тұрғанымыз – “Қазақтың шығу тегі туралы”).

Абай өлеңдерін оқу, оның қадір-қасиетін сезіну, асыл ойларын зердеге сақтау ынтасы да, ықыласы да бүгінде бұрынғыдай емес. Тек Абай ғана емес, жалпы кітапқа құштарлық, кітапқа құмарлық бәсеңдеді. Мұны күнделікті тіршілікте әр отбасынан көріп жүрміз. Теледидар, басқа ақпараттар толқыны, батыстық экспансия өз балаларымызды бауырымыздан, ұлттық әдебиеттен, ұлттық өнерден, ұлттық музыкадан бөліп алып барады. Бұл, шынында да, қорқынышты жағдай. “Қорқамын кейінгі жас балалардан” дегенде Абай осы сұмдықты сезген бе деп ойлайсың. Сондықтан да мынау

қиын да күрделі заманда етек-жеңімізді, есімізді жисақ керек. Осы үшін де бізге Абай керек. Абай өлеңдеріне жас ұрпақты үңілдірудің, Абай ойларын жеткіншектеріміздің бойына сіңірудің тура жолын іздестіруіміз керек. Абай өлеңді ермек үшін жазған жоқ, кейінгіге өнеге-білім бермек үшін жазды.

*Қазақ поэзиясының асқар биігі Абайға, оның шығармашалығына құрмет, мақтаныш сезімдерін тугызу мақсатында «Біз Абайды білеміз бе?» атты оның шығармашылығы мен өмір жолына арналған төмендегі викторинаны өткізуді ұсынамыз.*

*Сонымен викторинамызды бастайық:*

1. Абайдың дүниеге келген және дүниеден өткен жылдары есіңізде ме?

*(22.08.1845 қазіргі Семей обл., Абай ауд. – 05.07.1904)*

2. Абайдың әжесінің аты аты кім?

*Зере*

3. Абайдың ата-анасының атын атаңыз?

*әкесі Құнанбай, шешесі Ұлжан*

4. Абайдың сүйікті жары?

*Әйгерім*

5. Абайдың ұлдары туралы не білесіз? Есімдерін атаңыз.

6.

*Ақылбай, Мағауия, (Мағаш),  
Әбдірахман(Әбіш)*

7. Абай қандай белгілі ақындар өлеңдерінің аудармасын жасаған?

- *Ал, сенейін, сенейін (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Ала қойлар (И. А. Крыловтан)*
- *Асау той, тентек жиын, опыр-топыр (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Бородино*
- *Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда? (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Вадим*

- *Дұға (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Есек пен бұлбұл (И. А. Крыловтан)*
- *Жалау (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы (Я. Полонскийден)*
- *Күнді уақыт итеріп (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Көңілдің күйі тағы да (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Менің сырым, жігіттер, емес оңай (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Піл мен қанден (И. А. Крыловтан)*
- *Теректің сыйы (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Шайтан (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Шегіртке мен құмырсқа (И. А. Крыловтан)*
- *Қанжар*
- *Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Қарға мен бүркіт (И. А. Крыловтан)*
- *Қарға мен түлкі (И. А. Крыловтан)*
- *Қасиетті дұға (М. Ю. Лермонтовтан)*
- *Әм жабықтым, әм жалықтым*
- *Әншілер (И. А. Крыловтан)*

7. Абайдың қара сөздері бәрімізге белгілі. Ол қанша?

**45 қара сөзі бар**

8. Абай қанша тіл білген? атаңыз

**араб, иран, шағатай (ескі өзбек), орыс**

9. «Абай жолы» эпопеясының авторы кім?

**М.Әуезов**

10. Абай сөздеріне жазылған қандай әндерді білесіз?

- Сегіз аяқ (үшінші түрі). Өңдеген — Б. Ерзакович.....5
- Сегіз аяқ (алтыншы түрі). Өңдеген — Н. Мендіғалиев ... 7
- Қор болды жаным. Өңдеген — Л. Хамиди.....9
- Сен мені не етесің? Өңдеген — Н. Мендіғалиев.....12
- Айттым сәлем, қаламқас. Өңдеген — Л. Хамиди.....14
- Ата-анаға кез қуаныш. Өңдеген — Б. Ерзакович..... 16
- Ата-анаға көз қуаныш. Өңдеген — К., Шілдебаев..... 18
- Өзгеге көңілім, тоярысың. Өңдеген — Д. Мацуцин..... 20

|                                                                 |    |
|-----------------------------------------------------------------|----|
| Көзімнің, қарасы. Өңдеген — Л. Хамиди.....                      | 22 |
| Көзімнің қарасы. Өңдеген — Ж. Тұрсынбаев.....                   | 24 |
| Бойы бұлған,. Өңдеген — Б. Ерзакович.....                       | 29 |
| Сұрғылт тұмаи (үшінші түрі). Өңдеген — Н. Мендіғалиев .         | 31 |
| Қарашада өмір тұр. Өңдеген — В. Великанов.....                  | 33 |
| Қарашада өмір тұр Өңдеген — Б. Аманжолов.....                   | 35 |
| Желсіз түнде жарық ай. Өңдеген — М. Иванов-Сокольский ....      | 37 |
| Желсіз түнде жарық ай. Өңдеген — Б. Қыдырбекова ...             | 41 |
| Мен көрдім ұзын қайың құлағанын. Өңдеген — Л. Хамиди . ....     | 43 |
| Мен көрдім ұзыи қайың құлағанын. Өңдеген — Д. Ботбаев.....      | 47 |
| Сүйсіне алмадым. Өңдеген — В. Великанов.....                    | 50 |
| Сүйсіне алмадым. Өңдеген — Б. Дәлденбаев.....                   | 52 |
| Біреуден біреу артылса. Өңдеген М. Иванов-Сокольский            |    |
| Біреуден біреу артылса. Өңдеген — Б. Дәлденбаев                 |    |
| Көңіл құсы құйқылжыр. Өңдеген — В. Новиков                      |    |
| Амал жоқ қайттым білдірмей. Өңдеген — Д. Мацуцин                |    |
| Татьяна сөзі (алтыншы түрі). Өңдеген — В. Новиков. ...          | 64 |
| Есінде бар ма жас күнің. Өңдеген — Ж. Тезекбаев.....            | 67 |
| Қараңғы түнде тау қалғып. (І түрі). Өңдеген — В. Новиков ....   | 69 |
| Қараңғы түнде тау қалғып. Өңдеген — Т. Мұхамеджанов             | 71 |
| Теректің сыйы. Өңдеген — Ж. Тезекбаев.....                      | 74 |
| Өлсем орным қара жер сыз болмай ма? Өңдеген — Ж. Тезекбаев..... | 76 |
| Мағыштың жоқтауы. Өңдеген — Ж. Тезекбаев.....                   | 79 |

## **Кітапханашының оқырмандардың көркем әдебиетті оқуына басшылық жасауы**

### ***әдістемелік ұсыныс***

Кітапхана— дүниеде ештеңе тең келмейтін білім бұлағының көзі. Бүгінгі оқу орындары кітапханасының негізгі міндеті - ақпарат бере отырып, оқу тәрбие және ғылыми зерттеу жұмысына колдау көрсету, жастардың бойында отаншылдық және азаматтық жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу, сонымен қатар өз оқырмандарының сұранысын толық қанағаттандыру.

Біздің оқу орнының кітапханасында **1134777**–ның үстінде кітап қоры жинақталған, оның ішінде көркем әдебиеттің саны – **131116** дана.

Жастардың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу көркем әдебиеттің еншісінде. Еліміздің жастары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Ол елді, жерді сүюге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды.

Кітапханашының кітап оқуға басшылық жасауы: оқырмандарды кітап оқу өнеріне, оқыған кітаптарының дүниетанымын кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты дұрыс пайдалануға баулуды көздейді.

Оқырманмен жеке жұмыс жүргізу кітапханашылардың жеке басының қасиеттеріне де тікелей байланысты. Кітапханашы ең алдымен әр адамды құрмет тұта білетін, білім құмар, шешім қабылдауда жылдам, іс қимылы ширақ, өзінің көмегінің әр уақытта оқырманға қажет екенін дұрыс түсіне білетін өз жұмысына творчестволықпен қарайтын болуы керек. Кітапханашының оқырманға көрсеткен ықыласы зая кетпейді өз көмегін аямай, оларға керек әдебиеттерді тандап алудағы көмегі мен іздестірудің жолдарын көрсетіп отыруы керек. Кітапханашының әр уақытта көмек көрсетуге дайын тұратын ілтипатын оқырмандар басқаларға сөзсіз жеткізеді, олардың кітапханаға тез үйренуіне әсер етеді.

Кітапханашы оқырмандар алдында кітапхана өкілі ретінде қызмет көрсетіп отырғандығын есінен шығармауы қажет. Демек, кітапханашы өзінің білмейтіндігімен, енжарлығымен, кітапхананың беделін түсіреді. Сөйтіп, оқырмандар арасындағы бос уақытын пайдалану жұмысына, яғни көркем әдебиетті оқуына көмек көрсетудің орнына, зиянын тигізеді. Сондықтан оқырмандар оқуына басшылық жұмыстары кітапханашының алдына жоғары талаптар қояды.

## **Оқырман оқуына жетекшілік ету жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері**

### **1. Оқыrmанды зерттеу. Мынандай мәліметтер анықталады:**

- оқырман туралы жалпы мәлімет
- оқу мақсаты
- оқуға деген ынтасы
- оқу дағдысы мен кітапханалық-библиографиялық білім деңгейі
- оқыrmанның жеке басының ерекшеліктерін ескеру

### **2. Оқыrmанның оқу ынтасы мен құштарлығын жетілдіру:**

- оқуға деген талабын қалыптастыру
- оқырман білімін жан-жақты дамыту
- жүйелі түрде оқуға тарту
- көркемдік талғамын ұштастыру
- шығарманы түсіну және оны бағалай білу қабылетіне ықпал ету

### **3. Оқу мәдениетінің басқа да элементтерін қалыптастыру, яғни**

- кітапхана қоры
- кітапхананың дәстүрлі және электронды каталогтарын пайдалануға үйрету
- көрнекті насихат құралдарын пайдалана білуі

Оқыrmанның оқуына жүйелі түрде жетекшілік жасаудың бір әдісі - оқыrmандар формулярына талдау жасау болып табылады, ол үшін оқыrmанның кітапханаға келген әр күні мен алған кітаптары оқырман формулярында белгіленіп, барлық мәліметтер формулярдың бетінде жазылып, талдау жасалғанда ескеріледі.

## Оқырман формулярына талдау жасау төмендегідей үлгіде жасалады:

| №  | Оқырманның фамилиясы,<br>аты, әкесінің аты | Факультеті,<br>курсы | Оқырманның бір<br>жыл ішінде<br>кітапханаға келу<br>саны | Кітапхана қорынан<br>алып оқыған кітап<br>саны | Басқа кітапханадан<br>алып оқыған кітап<br>саны | Барлық оқыған<br>кітаптары<br>туралы мәлімет |
|----|--------------------------------------------|----------------------|----------------------------------------------------------|------------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------------------------------|
| 1. |                                            |                      |                                                          |                                                |                                                 |                                              |
| 2. |                                            |                      |                                                          |                                                |                                                 |                                              |
| 3. |                                            |                      |                                                          |                                                |                                                 |                                              |

Кітапханада әр курс, факультеттер бойынша оқырмандардың есебі жүргізіліп, осы есеп бойынша оқу жылының аяғында қорытынды жасалады.

Кітапхананың алдында тағы да өз оқырмандарына кітаппен, ақпаратпен жұмыс жасауға көмектесу, кітап оқу мәдениеттілігіне тәрбиелеу міндеті тұр. Кітапхана өзінің күнсайынғы жұмысында оқырмандармен жұмыс жасаудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып оқу мәдениеттілігін, өсіп келе жатқан жас буынды ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеуге міндетті.

Сонымен, кітап оқу мәдениеттілігі – бұл қажет ақпаратты таба алуды, оны дұрыс түсініп және бағалай білуді, өзінің жан-жақты дамуына шығармашылықпен пайдалануды қоса ақпараттық мәдениет кеңістігіндегі қызмет стратегиясы болып табылады.

### «Мың бір мақал» ойын-жарысы

Мақалдарды халық шығарған. Қазақ халқы –сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, ауызынан тастамай, өнеге ретінде пайдаланған.

Бұл ойын-жарысының мақсаты мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде қолдана білу, олардың сөздің көркі екенін ұқтыру. Ойын-жарысы 5 турдан тұрады. Әрбір турдың жеңімпазына дұрыс жауаптары үшін жұлдызшалар беріледі, сол жинаған жұлдызшаларының санына байланысты ойынның жеңімпазы анықталып, ойыншы келесі турға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен:

#### I Тур. «Ешкім естімеген мақал».



Кітапханашы оқырмандарға сирек қолданылатын мақалдарды айтады, ал ойыншылар олардың мағанасын қалай түсінетіндерін ортаға салады. Ол мақалдар «Мисыз бас – мұржасыз үй», «Малшының байлығы теріге ораулы», «Егін ексең тыңға ек, онан өнер өнім көп», «Бой жетпеген жерге ой жетеді», «Қыран жетпеген жерге қиял жетеді».

## **II Тур. «Мақал әңгіме».**

Бұл турда ойыншыларға берілген тақырыптары бойынша шағын әңгіме жазу тапсырылады. Қойылатын шарт, әңгіменің ішінде мақалдардың болуы. Сондай әңгіме үлгісі:

«Білімсіз өмір-сөнген көмір» дегендей, білімсіз өмірдің мәні жоқ. «Оқу инемен құдық қазғандай» қиын бола тұрса да, «Бейнет түбі-зейнет» екенін өмірден көріп жүрміз. Мен барлық оқырмандарға сыйлы болғың келсе білім ал дер едім. Өйткені, «Оқыған ұл атасынан да үлкен» емес пе? «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» екенін біле тұра білім алуға ұмтылмаған жастарды кім сыйлайды? Олай болса, білім алайық, құрметті оқырмандар!

## **III Тур. Аталмыш сөзі бар мақалды айту:**

Ақымақ, жіп, түтін, күн, дұшпан, тал, пәле.

«Ақымақ достан ақылды дұшпан артық».

## **IV Тур. Берілген сұрақтың орнына керек сөзді қойып, мақал-мәтелдерді толықтыр.**

- Күлме кімге?  
Келер басыңа.
- Аз сөз не?  
Көп сөз не?
- Талаптыға не жауар?
- Атаң өлсе өлсін,  
Кім өлмесін?

- Тіл не жарады?
- Қандай үй базар?
- Қыз–өріс, ұл ше?
- Білмеген не ішеді?
- Жас келсе қайда?
- Ат шаппайды  
Не шабады?

#### **V Тур. Мақал-мәтелдердің сыңарларын тап.**

- Жақсының аты өлмейді,....
- Ердің көркі-сақал,.....
- Ердің екі сөйлегені өлгені, ....
- Жат елінде сұлтан болғанша,....
- Жас өседі,....
- Кісі киімі кіршең, ....
- Киіміне қарап қарсы алады,.....

Ойынның соңында кітапханашы, әр ойыншының жинаған жұлдызшаларының санына қарай жеңімпазды анықтап, қортынды жасайды.

## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

**Әбдіғұлов, Р. Мұхтар Әуезовтің елу томдығы [Мәтін] / Р. Әбдіғұлов // Қазақ әдебиеті.- 2011.- 16 қыркүйек.- 7 бет.**

**Әбдіғұлов, Р. Әуезов рухы мәңгілік [Мәтін] / Р. Әбдіғұлов // Қазақ әдебиеті.- 2011.- 2 желтоқсан.- 3 бет.**

**Ақбай, Н.Е. Абай жолы энциклопедиясы [Мәтін]: Энциклопедия / Н.Е. Ақбай.- Алматы: Арда, 2008.- 504 б.**

**Алпысбаев, Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік [Мәтін] / Қ. Алпысбаев.- Алматы: Таймас, 2008.- 232 б.**

**Бектасова, Г. Мұқағали Мақатаевтың бұлтты аспаны [Мәтін]: [Биылғы жыл - Мұқағалидың жылы.Ақиық ақынның туғанына - 80 жыл] / Г. Бектасова // Түркістан.- 2011.- 3 ақпан.- 9 бет.**

**Еспенбетов, А. Абай арманы - барша қазақтың арманы [Мәтін] / А. Еспенбетов // Қазақ әдебиеті.- 2012.- 11 мамыр.- 9 бет.**

**Кеңшілікұлы, А. Әдебиет рухын жоғалтса-ұлт өледі [Мәтін] / А. Кеңшілікұлы // Айқын.- 2011.- 29 қыркүйек.- 22 бет.**

**Қазақ әдебиетінің тарихы [Мәтін]. 10 томдық. Т. 4 / ред. басқ. А. Қ. Егеубаев.- Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005.- 438 б.**

**Қазақ әдебиетінің тарихы [Мәтін]. 10 томдық. Т. 9. Кеңес дәуірі (1956-1990) / ред. басқ. С.Қирабаев.- Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005.- 998 б.- (Мәдени мұра).**

**Қойгелдиев, М.Жаңа отаршылдыққа қарсылық манифесі [Мәтін] / М. Қойгелдиев // Қазақ әдебиеті.- 2011.- 15 сәуір.- 1-6 бет.**

**Сейсенбаев, Р. Қазақ елі Бүгін мен болашақ туралы ой [Мәтін] / Р. Сейсенбаев // Егемен Қазақстан.- 2011.- 21 қыркүйек.- 5 бет.**

**Шаштайұлы, Ж. Мәңгілік Абай [Мәтін] / Ж. Шаштайұлы // Қазақ әдебиеті.- 2011.- 12-18 тамыз.- 1 бет.**

**Журналдар:**

**Қазақ әдебиеті.- Алматы, 2011.-№1-6.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті.- Алматы, 2012.-№1-5.**

**Қазақстан тарихы.- Алматы,2012.-№1-8**

**Мұқағали.- Талдықорған, 2011.- №1-12.**